

Жарғы

Жоба атауы:	«Жуалы мұз айдыны»
Бастамашылар:	Сатар Қуаныш Расылханұлы Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің бас маманы
Жобаның іске асырылу мерзімі	Шамамен 2 жыл - 1 жыл – жобаны жүзеге асыру кезеңі; - 2 жыл – нақты нәтижеге бағытталған жыл (пайдалануға берілу).
Жобаның негіздемесі	<p>Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлттық жоспары бойынша спортқа ерекше көңіл бөлу керектігін атап өткен болатын.</p> <p>Онда Үкіметке және әкімдерге кем дегенде 100 дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің салынуы, сонымен қатар дене шынықтырумен айналысу үшін аулаларды, парктерді, саябақтарды жабдықтау және спорт пен дене шынықтырудың қолжетімділігін арттыру қажет екендігі айтылған болатын.</p> <p>Сол себепті де мен спорттың бір түрін ауданымызда дамыту жолында осы жобаны таңдап отырмын. Егерде бұл жоба болашақта іске асып, осындай мұз айдыны ауданымызда ашылып жатса орталыққа келетін әрбір бала жастайынан бастап уақытын тиімді өткізіп, өз-өзің дамытып және өзінің бойындағы белгілі бір қабілеттерін аша алатын еді. Көптеген отбасылар балаларына көңілді демалыс сыйлау үшін облыс орталығына баруға мәжбүр. Балалардың қажеттілігін алысқа бармай-ақ тұрғылықты жерден қанағаттандырып, қосымша шығын болдырмау үшін бұл жоба тиімді болар еді.</p>

Жобаның өнімі	Қысқы олимпиадалық жарыстардың бірі «мәнерлеп сырғанау» спорт түрі бойынша болашақта өзің шындап ары қарай жарыстарға қатыса алатын қабілетті бала.
Жобаның SMART мақсаты	Екі жыл мерзімде баланың қажеттілігіне байланысты мәнерлеп сырғанайтын мұз айдының салу.
Жобаның міндеті	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қажетті жабдықтарды сатып алу; 2. Орталыққа балаларды жаттықтыра алатын қабілетті, білікті жаттықтырушылар тарту; 3. Бала кезден салауатты өмір салтын ұстауға үйрету. 4. Конькиге деген қызығушылықтарын арттыру
Жоба сәттілігінің критерийлері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ауданда қыс мезгіліне демалыс орны ашылады; 2. Бір сәт балалардың көңілін аулау мақсатында аталған орталық балалар үшін бірден-бір қажетті дүниеге айналады. 3. Мәнерлеп сырғанауға қызуғышылық оянады; 4. Баланың өз-өзіне деген сенімі артады. 5. Талапқа сай, тұтынушыларға ыңғайлы болуы. 6. Аудандағы салқын ауа райының қолайлылығы (аудандағы қыстың ұзақтығы 5 ай)
Стейкхолдерлер	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аудан әкімі 2. Аудандық кәсіпкерлер палатасының директоры 3. Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы 4. Медициналық қызметкерлер және тренерлер 5. Ата-аналар, халық
Жобаның шектеулері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Құны – 10 млн теңге; 2. Мерзімі – 2 жыл; 3. Мазмұны – баларды мәнерлеп сырғанауға үйрететін мұз айдыны.

Жоба тәуекелдері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қаражат мәселесі; 2. Керек құрал-жабдықтармен аяққа киетін конькилердің бағалардың қымбат болуы; 3. Тренер-жаттықтырушылардың тобының аздығы .
-------------------------	---

SWOT талдау

Күшті жақтары	Әлеіз тұстары
<ul style="list-style-type: none"> - Небәрі бір сағат коньки тебу бірнеше сағат жүгірген кездегі калорияны кетіреді; - Аяқ пен сан және жамбастағы бұлшық еттерді дамытады; - Физикалық белсенділік жағымды көңіл күй сыйлайды; - Өтпелі кезеңде коньки тебу баланың өзіне деген сенімін күшейтеді. 	<ul style="list-style-type: none"> - Жаңадан бастаған әрбір адам жарақаттан қашып құтыла алмайды; - Қол, аяқ, бастан алатын жарақаттар болады; - Сіңірдің созылып қалуы және аяқтың сынуына дейін әкеліп соғуы мүмкін.
Мүмкіндіктер	Қауіштер
<ul style="list-style-type: none"> - Ауданда спорттың бір түрі коньки тебуден кешен ашылады; - Балалардың қызығушылығы артады; - Жаңа жұмыс орны ашылады; - Қосымша табыс көзі болады 	<ul style="list-style-type: none"> - Үйренгенше денсаулыққа зақым келуі мүмкін; - Ашылуға қомақты қаражаттың қажеттілігі.